



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№32 (10 235)

9 тамыз

жұма


2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



"БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАЙЫҚ!" қайырымдылық акциясы



«Баланы мектепке даярлайық!» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы 12 тамызда басталады.

«AMANAT» партиясының Жетісу облыстық филиалында «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Баланы мектепке даярлайық!» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы аз қамтылған және көп балалы отбасылардың оқушы балаларына көмек көрсетуге бағытталған.

Акция шеңберінде атаулы көмекті көрсету үшін балаларды таңдау кезінде партия мүшелері бірінші кезекте партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің ақпаратын басшылыққа алады.

Жыл сайынғы қайырымдылық акциясы облыстың әр аудан мен қаласында өткізілетін болады.

2023 жылғы тамыз айында аталмыш акция аясында 1 286 аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 1 769 балаларға көмек көрсетілді.

«AMANAT» партиясының мүшелерін, бастауыш партия ұйымдарын, Жетісу өңірінің қоғамдық ұйымдары мен бизнес-құрылымдарының өкілдерін акцияға белсенді қатысуға шақырамыз!

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАСТАМАСЫ



Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында әр апта сайын ұйымдастырылатын «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы аясында және 12 тамыз Жастар күні іс-шаралар жоспарына сәйкес 2024 жылдың 8 тамыз күні күні аудан жастарының қатысуымен, аудан оралығы Жансүгіров ауылдық округіндегі аудан алыбы Ақсу қант зауытының жанына тазалық жұмыстары жүргізілді. Іс - шараға ауылдық округ нұсқаушылары, Ақсу жастары қызметкерлері, жасыл ел жасақшылары, еріктілер тобы қатысты.



туған жерімізге жанашырлық танытып тазалық жұмыстарын жасайық. Аталмыш акция тоқтаусыз жалғасатын болады. Таза Қазақстан - таза ауылдан басталады. Демек, әрбір азамат

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН - ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты

жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкел соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.



«Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылған «Таза бейсенбі» экологиялық акциясында зауыт маңының шөптерін ору, жиналған қоқыстарды қаптарға толтырып, техникалармен сыртқа шығару секілді жұмыстар атқарылды.

Тазалыққа округ әкімі Ілияс Мұсабажановтың қолдауымен әр түрлі ауыр техникалар жұмылдырылып, жиналған қоқыстар сыртқа шығарылды. Айта кетейік, тазалық жұмыстары әр апта сайын жалғасады.

Ақсу ауданының жастары барша өңір тұрғындарын республикалық акцияға белсенде қатысуға шақырды. Өрбір ел тұрғыны өз ауласынан бастап,

шараға өз үлесін қосып, жұмыла атсалысуымыз тиіс.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен басталған сенбілік жұмыстарына бүгінде жастар арасында еріктілер тобы белсенді бой көрсетіп келеді. Еңдеше, аудан жастары ауыл тұрғындарымен бірге тазалық жұмыстарын жасап, өскелең ұрпақты игі іске жұдырықтай жұмылуға шақыруда.

Құрметті тұрғындар! Сізді де аталмыш сенбілікке өз үлесіңізді қосуға шақырамыз! Таза өңір, ол біздің жер!

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ.

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық «ҚАЗПОШТА» байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

БАСПАСӨЗ - 2024

"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" партиялық жобасы аясында



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында Қапал бастауыш партия ұйымы мүмкіндігі шектеулі жандарға азық-түлік себетін табыстады.

"Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында дойбы жарысы өтті. Жеңімпаздар медаль және Грамотамен марапатталды.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне мониторинг

"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының ұйымдастыруымен "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне мониторинг жүргізілді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар өздерін өзгелерден кем санамауы үшін кедергісіз орта қалыптасып, кез - келген мекемелерге еркін кіріп – шығуына барлық мүмкіндіктер жасалуы тиіс.

Осы орайда, «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында Ақсу ауданының бірнеше нысандарына мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Мониторинг барысында пандустардың құрылыс нормасы мен ереже талаптарына сәйкестілігі назарға алынып, сонымен қатар олардың нормативтік талаптары бойынша мекеме өкілдеріне анықталған кемшіліктер бойынша ескерту берілді.

Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,
"AMANAT" партиясы аудандық филиалының консультанты.



Жемқорлықтың алдын алауық!



Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты **1424** телефоны бойынша сеніп тапсыра аласыздар

Біздің міндет - халыққа қызмет!

Жемқорлық дегеніміз - заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүлкікті игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымдық тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүлкікті табыс алу үшін жасалынатын қадамдар. Жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністер болып табылады. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдарда қауіпті болып есептеледі.

Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың кемістігі биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыда пайда болуына байланысты, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мекемелер қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себептері көп. Оған алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмендігінің әсері болуы мүмкін. Сондай-ақ, құқық бұзушылыққа немқұрайлылық таныту, жеке басының қамын қоғам мүддесінен жоғары қоюы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Жемқорлықпен күрестің басты бағыттарының бірі – оның алдын алу, яғни оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керектігін ескерген жөн. Әрбір мемлекеттік қызметкердің жеке жауапкершілікте болуы, сыбайлас жемқорлықтың себебіне талдау жасап отыру, мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне мониторинг жүргізу, мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтылығы мен қолжетімдігін қамтамасыз ету, қызмет алушыға мейлінше жағдай жасау, сенім телефоны, хаттар мен жеке заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау жөніндегі жабдықтау аудандық қорғаныс бөлімінің негізгі жоспарлы жұмысы. Себебі Отанды қорғау – ол бізден басталады. Қорғаныс бөлімінде жемқорлыққа жол берілсе – Отанға қауіп төнді деген сөз. Сондықтан қызмет көрсетуші мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың тәуекел дәрежесіне ішкі бақылау жүргізілуде.

Құрметті аудан тұрғындары, Отан қорғаушылар!

Сіздерге сапалы, уақытылы қызмет көрсету біздің міндетіміз болып табылады. Жемқорлықпен күрес те ешбір назардан тыс қалған емес. Ендеше, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмыстарды жалғастырып, міндеттерімізді атқара беруге тиіспіз.

Д.КИРГАБАНОВ,
Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАСТЫ МІНДЕТ

**СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚ**

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заман мен бірге өсіп - өркендеген, небір тегеруінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайдан мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтары болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы.

Ол жетістіктерді жоққа шығармай, ұлттық қауіпсіздікке, қауіп-қатер әкелетін індет. Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып отыр. Кез - келген азамат төтенше жағдайлар бөлім

қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің 8 (72832) 2-13-86 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз. Елбасымыз атап айтқандай, «сыбайлас жемқорлықпен күрес қылымыскерлерді жазалау жөніндегі табанды шаралар ғана емес, бұл мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені». Сол себепті, әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Сыбайлас жемқорлық – дерт



Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдарымен бірге қайнасуы, мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке мүдделері үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, қылмыстық жалғандық жасау нормаларын болдырмаудан, осы мәселелермен күресуден басталады. Тарихқа, әдебиеттерге қарасақ, «Парақор баспақ биінді, ел бүлдіргіш бегінді, – деген Дулат Бабатайұлы билер мен бектердің еділетсіздігін, парақор жемқорлығын өлең жолдарымен танытқан. Ендеше,

парақорлық, сыбайлас жемқорлық қазақ қоғамында ертеден – ақ ізін салған індет екенін байқаймыз. Біздің таңдауымыз - жемқорлықсыз болашақ. Бұрынғы өткен ата - бабаларымыз деп базасып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айттып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттеріміздің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып – парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Жемқорлықтың тамыры сонау алыста жатса да, біздің қоғамда оған мүлде орын жоқ. Қоғамның барлық күш - жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі дамымауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруға болады.

Мадина ТҰРСЫНБАЕВА,
Есеболатов ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Жарқын болашақтың бейнесі – жалынды жастар



Біздің мемлекетіміздің болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты. Адамның ең басты ұлы мұраты – өзінің өмірін жалғастыратын ақыл - парасаты мол, ғылыми өрісі озық, жан дүниесі рухани бай, салауатты өмір салтын ұстанатын азамат пен азаматшаларды тәрбиелеу.

Жастар – ата - бабамыздан қалған ұлан - ғайыр жердің, елдің жесі. Менің жастармен жұмыс жасағанда көп жылдар болды. Осы орайда, Ю.Гагарин атындағы орта мектебінің 7-сынып оқушыларымен «Құқықтық мәдениет – дамыған өркениет» тақырыбында кездесу ұйымдастырдық. Мақсаты – бір мемлекет шеңберінде бірнеше құқықтық мәдениет болуы мүмкін екенін түсіндіру. Сонымен қатар, 8-сынып оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парыз», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыптарында кездесу ұйымдастырдық. Мұнымен қоса «Отбасы – ең қымбат қазына» атты өңгіме - сұхбат болды. Мұндағы мақсатымыз қоғамның қай кезеңінде болма-

сын, үйдің ұйытқысы, берекесін кіргізетін ерлі-зайыптылар екенін жастарға үлгі ету, отбасындағы тәрбиенің мән-маңызын ашып көрсету. Жастардың бос уақытын тиімді өткізу, алдын ала жоспарлауды дұрыс бағыттауды үйрету, қиялдауды, есте сақтауды, байқағыштық қасиеттерін жаттықтыру үшін, «Логикалық ойлау қабілетінді дамыт» атты шахмат ойынын үйлестірдік. «Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері» атты аймақтық келіндері сайысы өтті.

Қазіргі кезде елімізде қарттарға үлкен мән беріліп жүр. Қазақстанның өсіп - өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан ардақты да, аяулы қарттарымыздың арқасы деп білемін. Сондықтан да жастармен волонтерлық шараны реттеп, алғыстарын алдық.

Мемлекетімізді биіктен көрсету – білімді жастардың қолында. Келешекті алыстан бағамдайтын атам қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді!? Олай болса, Отанымыздың жарқын болашағы үшін күш салуға міндетті екенімізді естен шығармайық.

Толқын САДЫҚОВА,
Суықсай ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы,
«AMANAT» партиясының мүшесі.

Тілге құрмет - елге құрмет!

Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Өссе тілім, мен де бірге өшемін!

– деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрстей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз.

Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы. Мұның мәні – тіл жоқ жерде адамдардың бірлесіп жұмыс істеуі, қоғамдық өндірістің қай саласын болса да ұйымдастыруы, дамытуы мүмкін емес деген сөз.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

“Тіл туралы” заңдағы “Қазақстан халқы топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы” – деген.

Әрине, ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп анық жазған, Ата Заңымыздан туындаған “Тіл туралы” Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік



қамтылған.

Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру.

Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған елінің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Аман не, осындай әдемі туған тіліміз бола тұра өзге тілде сөйлейтіндер баршылық. Тіпті туған тілден безетін адамдарды да көргеніміз бар.

Ұлттың мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдасуы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюі мен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезеңнен басталуы тиіс. Айналанды танып білу, туған тіліңді білуден басталады.

Ана тілі – ар өлшемі. Тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Олай болса, Ана тілімізді – арымызды шұбарламай, көңіл тұнығын лайламай таза ұстап, әрдайым қадірлеп жүрейік!

С.ИМАНЖАНОВА,
Ақсу аудандық соты әкімшісінің басшысы.

● БІЛГІМ КЕЛГЕН БЕС СҰРАҚ?

1. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға қалай беруіме болады?

Әдепкіде зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады. 2021 жылдың қаңтарынан бастап БЖЗҚ салымшыларында зейнетақы активтерін басқару стратегиясын таңдау мүмкіндігі пайда болды.

Бастапқыда инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын немесе сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін зейнетақы шотында қалған жинақтарды ғана бере алатын. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап инвестициялық мүмкіндіктер кеңейді: енді БЖЗҚ салымшылары өз жинақтарының 50% мөлшерін міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналарының 100% мөлшеріне дейін жеке компанияларға сенімгерлік басқаруға бере алады. Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізімін eprf.kz сайтынан табуға болады. Мұнда сондай-ақ, ИПБ инвестициялық стратегиялары, ай сайынғы шолулар және инвестициялық қызметтерінің нәтижелері орналастырылған. Сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдас бұрын сіздерге осы ақпаратпен мұқият танысуға кеңес береміз.

Ақшаны ИПБ сенімгерлік басқаруына аудару үшін (сондай-ақ, ҚРҰБ-ның басқаруына немесе жеке басқарушы компаниялар арасында қайтару үшін) зейнетақы жинақтарын белгілі бір нысанда аудару туралы өтініш беру қажет. Мұны электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып eprf.kz сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесінде (өзіңізбен бірге жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар қызметінен электрондық құжат болуы қажет) жасауға болады.

Бұл ретте БЖЗҚ зейнетақы жинақтарының, оның ішінде инвестициялық кірістің есебін жүргізуді жалғастырады. Салымшылар жеке кабинетінде зейнетақы шотынан алынған үзінді көшірмеде ИПБ өздері үшін қанша ақша тапқаны туралы ақпаратты көре алады.

"БЖЗҚ" туралы өзекті сауалдар

Инвестициялық қызметтің нәтижелерін орта және ұзақ мерзімді перспективада бағалау ұсынылады. Сондықтан жинақтарды бір ИПБ-ден екіншісіне немесе қайтадан ҚРҰБ-ның басқаруына жылына бір реттен жиі емес талаппен аударуға болады.

2. ИПБ-ден қаражатты ҚР Ұлттық Банкінің басқаруына қалай қайтаруға болады?

Зейнетақы активтерін ИПБ сенімгерлік басқаруына бастапқы бергеннен кейін салымшы жылына бір реттен жиі емес мерзімде өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-ден екіншісіне сенімгерлік басқаруға беру үшін БЖЗҚ-ға өтініш беруге құқылы. Егер сіз жинақтарды ҚРҰБ басқаруына қайтару туралы шешім қабылдасаңыз, онда мұны зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ-дан ИПБ-ге бергеннен кейін бір жылдан кейін жүзеге асыруға болады.

Зейнетақы активтерін ИПБ-ге сенімгерлік басқаруға, бір ИПБ-ден екінші ИПБ-ге беру, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ді сенімгерлік басқарудан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару мақсатында салымшы БЖЗҚ-ға электрондық цифрлық қолтаңбамен не қол қойылған жеке өтініш жолымен БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы өтініш береді.

Салымшы зейнет жасына жеткенге дейін 10 жұмыс күні бұрын салымшының МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен барлық зейнетақы жинақтары Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына автоматты түрде қайтарылатынын атап өтіміз.

3. Азаматтардың қай санаты зейнетақы жарналарын төлеуден босатылуға құқылы?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) төлеуден, егер мүгедектік мерзімсіз болып

белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. Сонымен қатар, жұмыс берушіге жоғарыда аталған адамдардың өтініші негізінде БЖЗҚ-ға МЗЖ ұстап қалуға және аударуға рұқсат етіледі. Осылайша, мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар қазақстандықтар жұмыс орны бойынша БЖЗҚ-да МЗЖ ұстап қалуға келісім беру туралы өтініш беруге құқылы.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде зейнетақы төлемдерін алуға құқылы. БЖЗҚ "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылатын салымшының (алушының) келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" ақпараттық жүйесінен мүгедектігі белгілеу туралы мәліметтерді дербес сұратады.

Зейнетақы жинақтарын төлеуге өтінішті БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі немесе сенім білдірілген тұлға арқылы, eprf.kz интернет-ресурс арқылы беруге, сондай-ақ, пошта байланысының қызметтерін де пайдалануға болады. Бұдан басқа, БЖЗҚ-да ең алдымен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға зейнетақы қызметтерін көрсететін мобильді топтар жұмыс істейді. Сіз eprf.kz сайтының «Электрондық сервистер» бөлімінде барып қызмет көрсетуге де өтініш бере аласыз.

4. Биыл азаматтар ала алатын тұрғын үйге біржолғы зейнетақы төлемінің ең төменгі және ең жоғары мөлшерін атаңыз?

Біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты және жеке есептеледі. ҚР Әлеуметтік кодексінің 224-бабына

(4-тармақ) сәйкес міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігін мыналар пайдалана алады: жинақтары ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын салымшылар (олар жасына сәйкес ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтарды пайдалана алады), зейнетақы мөлшері жоғалған табыстың кемінде 40% мөлшерін құрайтын зейнеткерлер (өз жинақтарының 50%-на дейін пайдалана алады), еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар, сондай-ақ, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (өз жинақтарының 100%-на дейін пайдалана алады).

5. Зиянды жағдайларда жұмыс істейтіндерге арнайы әлеуметтік төлем тағайындау талаптары туралы мағлұмат беріңізші?

Қазақстан азаматтарына, ел аумағында тұрақты тұратын, еңбек жағдайлары зиянды өндірісте жұмыс істейтін және арнайы әлеуметтік төлем алғысы келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ол төмендегі жағдайда тағайындалады:

- 55 жасқа толғанда;
- қызметкер үшін 84 ай (7 жыл) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді растау;
- зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда еңбек қызметін тоқтату немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауыстыру.

Арнайы әлеуметтік төлем алу үшін қызметкер келесі қызмет нұсқаларының бірін таңдауы керек:

- жұмыс берушімен келісім бойынша зиянды еңбек жағдайларына байланысты емес сол кәсіпорындағы басқа жұмысқа ауысуды ресімдеу;
- зиянды еңбек жағдайларына байланысты емес кәсіпорынан тыс басқа жұмысқа өз бетінше орналасу;
- еңбек қызметін жалғастырмау.

Мәди БАЙДҮЙСЕН,
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.

МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ ТОЛҒАНБАЙ АҚЫНҒА – 180 ЖЫЛ!

ТОЛҒАНБАЙ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАСЫ

АТМАМАЗ



Табылар тірі құлға өртүрлі жол.
Аталық, Қаптағай, кішісі Кенже,
Матайдың үш ұлының ныспысы сол.
Кенжеден үш «тай» болып тараламыз,
Жоқ екен бөтен түсті, сары, аламыз.
Ақтай, Сартай, Сұртай осы үшеуі,
Бір екен әке, шеше, бір арамыз.
Ақтай – Бақы, Сартай - Шөпшіме елі,
Олардың Аталықпен қатар жері.
Сұртайдан Мәмбет, Үмбет екі бала,
Аз екен екеуінен бұлар тегі.
Мәмбеттен туады екен ұл Қартқұлбай,
Баласы Қартқұлбайдың ол Бұланбай,
Кіндігінен Бұланбай ер Боданбай,
Жаратқан артық қылып пәрмен құдай.
Боданбайдан Жалау қарт, одан Темір,
Темірден Болат туды, өтті өмір.
Байғыздан Кенжеқара, Сақай екен,
Жаратқан екі арысты құп қып тәңір.
Кенжеқара тұқымы Тұржау елі,
Кең Нұра, Құрақсуда мекен жері.
Кенжеқара Сақаймен бір туысқан,
Аз екен Сақай жақтан бұлар тегі.
Бұл сөзім тараса екен кейін жасқа,
Айтайын білгенімше тілім тасқа.
Сақайдың үш ұлы бар, аты мынау:
Тағай, Тұрсын, дейтуғын бірі Қасқа.
Ындыштың Сақай алған қатынынан,
Тұрсын туған Сақайдың тақымынан.
Ындыш, Тақет ежелес дейтіні осы,
Ындыштың аларлық жоқ қақымынан.
Нәсілі сол Тұрсыннан Тақет еді,
Жабысып аққа қара сап етеді.
Тақеттен туған екен Баты, Жемет,
Бөген жоқ, білмегендер жат етеді.
Қасқадан жалғыз қалған Тілеуіметті,
Он бір ұл жау қолында өліп кетті.
Есенқұл, Есенбай мен Есенжары,
Артынан жедел туып, олар жетті.
Дүние бірден-бірге өтіп жатыр,
Қарамай алды-артына кетіп жатыр.
Баласы Тілеуіметтің үшеу екен,
Қарақыз, Жұмағұл мен Әйтей батыр.
Әйтейдің ер баласы Байқадамды,
Түсірмес қазған орға байқадамды.
Жүріңдер әділетті хақ жолымен,
Түзетер құрулы тез тайқағанды.
Елшен мән одан туған Тасболатты,
Душпанның қанын судай сорғалатты.
Шүтенбай Тасболаттан шешен болды,
Үлгі айтып үш Матайға жорғалатты.
Баласы Шүтенбайдың Әділбек ер,
Сан кедейді саясына қорғалатты.
Тағайдан туады екен Тұңғат бабам,
Айтайын келгенінше мұрша, шамам.
Аруаққа қасиетті тіл тигізбе,
Тірі боп жер бетінде жүрсең аман.
Аманбай мен Аталық бұрын туған,
Артынан Тастемір мен Тоқан туған.
Бата алған Ер Тоқпанбет атасынан,
Олжа алған оя шауып қалың нудан.
Хан Абылай бата алған Бөгенбайдан,
Ер Тоқпанбет бата алған Абылайдан.
Абылай хан, Ер Тоқпанбет Сұлтан,
Жаратқан орын берген жақсы жайдан.
Қоңырбай, Қонысбай мен Құлтай батыр,
Жолдыбай, бәрі кіші Жетібайдан.
Тоқпанбет бата берген Айтқожаға,
Басына бақыт қонбай ер оза ма?
Айтқожа бата берген Бабекеге,
Нәсілі әулиеден шын тазаға.
Бабеке бата берген Мұжық биге,
Аруағы қасиетті, тілдеп тиме.
Мұжық би бата берген Шоңды биге,
Тірлікте жігіт түсер неше күйге.
Шоңды би бата берген Телібайға,
Телібай үлгі айтқан үш Матайға.
Көшкен алтын сықылды толықсыған,
Сол бата жүрген шығар бұл маңайда.
Орта жүз, ой-найманнан Төлек атай,
Матай, Кенже болғанда елім Сақай.
Ұраным сиынатын «Ер Тоқпанбет»,
Ұрпағы Құлтай батыр болған сондай.
Найман, Үйсін, Арғынға олжа салған,
Кете ме талапты ерге бақыт қонбай.
Ұрпақтар білгенің жөн ататегін,
Хат қып, шежіре жаздым, үш жүз жолдай.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

Қазақтың ана тілі - түрік тілі,
Кім айтар басқа тіл деп енді мұны.
Нәсілі Моғол, Түрік жақын болмақ,
Дініміз мұсылманның «ислам» діні.
Жері бір, жергілікті жүрісі бір,
Порымы, нұсқасы мен тұрысы бір.
Қаны бір, халық салты, хандығы бір,
Аңғара су қазаққа мекені екен,
Моғол, Татар Қазақпен туысы бір.
Шығыстан батыс жаққа келген екен,
Жер, судың бірге емшегін емген екен.
«Түгел сөздің түбі бір» деген мәтел,
Қазақтың Майқы атасы деген екен.
Моғол, Татар ел тараған неше сала,
Білмедік өскендігін неше бала.
Қазақты Моғол, Татар туыстырған,
Абайдың қол жинағын оқып қара.
Құдая бергеніңе қылдым «тәубә»,
Жігіттер еңбек істе деңіз сауда.
Рудан он екі тап, он екі адам,
Майқыдан қаратады «Қазақ» затты.
Нәсілі екен Қазақ сүлі Қиян,
Жігіттер еңбек еткен көрмес зиян.
Оқыған, оқиғенді жаза салдым,
Көрмесем, оқымасам қайдан жиям.
Нәсілі сүлі Қиян Қазақ, Созақ,
Созақтың нәсілінен Қырғыз, Қалмақ.
Тағы да бір нәсілі Қарақалпақ,
Аралдың теңізінде жатқан жалпақ.
Бұл сөзге талай жүйрік сан жарысты,
Біле алмай дәлел жөнін көп қарысты.
Нәсілі Қазақ байдың үшеу екен,
Ақарыс, Жанарыс, Бекарысты.
Сөйлесе сөз кетеді құла түзге,
Тіл берді сөйлесін деп құдай бізге.
Үш жүзден бергеніңе мол жан жаралған,
Құдайым өсім берген Орта жүзге.
Бар екен Орта жүздің үш қатыны,
Айтайық мағлұп етіп білсек бізде.
Екінші Керей, Уақ қатынынан,
Жат болып, жаман безер жақынынан.
Жігіттер жолдас болсаң жақсымен бол,
Жақсының жаман көнбес ақылына.
Бұл сөзім тамам сөздің сарасы екен,
Жайымен, орынымен тараса екен.
Біреу айтар мына сөз неге керек,
Түсінер миы толық, ақылы зерек.
Жанарыс: Арғын, Қыпшақ, Найман, Керей,
Тарақты, Қоңырат, Уақ жері бөлек.
Дүние опасы жоқ жалған екен,
Бұл жалған солардан да қалған екен.
Сарымырза, Шуақ атты екі бала,
Найманның кіндігінен болған екен.
Бай болып, Сарымырза жомарт бопты,
Терісі төрт өгіздің сабасы екен.
Келгенше үш атаға жалғыз болып,
Құдайдың құдіретіне тамаша екен.
Шуағы бұрынырақ қайтыс болып,
Артынан Сарымырза өлген екен.
Қатыны Тоқпан ұлдың жесір қалған,
Бір күні Найман шалға келген екен.
Тұқымсыз өтесің бе қайран атам,
Берейін бір қыз алып деген екен.
Найманды жеткілікті төрт түлік мал,
Бір байдың қызын алып берген екен.
Тұқымсыз кетем бе деп, жылап жүріп,

Бір бала қартайғанда көрген екен.
Баланың атын қойды Белгібай деп,
Найманның туып қалған белгі ғой деп.
Өлпеш ана баланы ардақтайды,
Құдайым бір тілекті берді ғой деп.
Лақап атпен атады «Қасқарау» деп,
Кейінге тұқым болып, бас қарау деп.
Келіні жесір қалған күте берді,
Жетеді, бұл да бір күн жас бала деп.
Найманды жеткілікті төрт түлік мал,
Жас бала өсер жетіп, көк шыбық тал.
Найман шал жылап жүріп көргенен соң,
Атапты Арғындар кеп «Өкіреш» шал.
Көтерген жесір келін мойынына,
Шыдаған еркелетіп ойынына.
Баладан тұқым болмақ өзіне аян,
Алыпты ержеткізіп қойынына.
Солар да қара жерді қылған мекен,
Бұрынғы ата жөні солай екен.
Сүгірші, Сарыжомарт, Сүйініш ұл,
Баласы Белгібайдың үшеу екен.
Туыпты Сүгіршіден Құрманайды,
Білген ел бәйіт қылып жұртқа жайды.
Бұл сөзім шежіреден көрген сөзім,
Жаратқан жомарт қылып Атымтайды.
Үйіне қайыр сұрап келген жанға,
Күніне береді екен пұттап шайды.
Баласы Сүгіршінің Құрманайды,
Жаратқан жарлық қылып күн мен айды.
Тұқымы Құрманайдың Төлек атай,
Төлектен төрт тарапқа ел тарайды.
Жасында Төлек атай жетім қалып,
Семірсін жетім көңіл кімге еркелеп.
Бір қожа шарапатты Қылыш ата,
«Жетім» деп есіркепті сүйеп, демеп.
Қожаңың ер жеткенше қойын бағып,
Жүріпті саясында көлеңкелеп.
Қожаңың Төлек жетім қойын баққан,
Қожаға қызыметі жақсы жаққан.
Бір қызын қожа беріп айтырған соң,
Төлектен қожа қызы бір ұл тапқан.
Қожаңың сыйласыммен қызын алып,
Төрт бұрышы тең болды дөп дөңгелек.
Құдайым мұратына жеткізіпті,
Себепші періштелер болып көмек.
Қытай би кіндігінен туған мәйек,
Төртуыл, Қаракерей, Матай, Садыр,
Қырғыздан бір қыз алып Төлек ата,
Қырықсадақ, Қырғызшора кеткен бөлек.
Сөйткен біз Төлек ата баласымыз,
Тараған төрт өзеннің ағашымыз.
Айтмай біреу олай, біреу былай,
Қалмайды қай бір қашан таласымыз.
Жігіттер қожа затқа тіл тигізбе,
Болады қожа біздің нағашымыз.
Ескі сөз жаңа сөзге алтын қазық,
Жақсы өке ұлға қырық жыл азық.
Кетесің тайып кетсең жаһанамға,
Пендеге еш уақытта қылма жазық.
Қолыңнан тізгін, шылбыр кеткенен соң,
Қалады жақсылар да естен азып.
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай,
Атасы төртеуінің Төлек атай.
Жасы үлкен Төртуыл аға болған,
Ауданды өсіп, өнген ісі Матай.
Ел енді, ісі Матай дәулеті мол,

Орыны жоқ қисынсыз сөз сияма,
Кетпеңіз жолдан тайып ор, қияға.
Түрік пен Адам ата екі арасы,
Қиссасұл жазылыпты «Әнбияда».
Жазылған бұл кітапқа көне тарих,
Адамзат, жын, періште бәрі де анық.
Арасы жер мен көктей неше қабат,
Есімі мағлұм екен түгел қанық.
Жаратқан адамзатты төрт нәрседен,
От, жел, топырақ, суға жанын салып.
Нәсілі жер иесі адамзаттың,
Өлген жан топырақ болмақ қайта барып.
Ғаламды он сегіз мың таратыпты,
Құдірет бір өзіне қаратыпты.
Атамыз Адам ата жаралған соң,
Хауаны сол Адамнан жаратыпты.
Алыстан хабар алар жазған хаттан,
Дүние өткен талай адамзаттан.
Ананың құрсағында бала болып,
Құралып туар адам он төрт заттан.
Бұл өзі Әлімсақтан болған тарих,
Бұрынғы оқығанға бәрі де анық.
Сегізі ата-анадан себеп болып,
Жаралған табиғаттан сараланып.
Сарғайып мәжіреттен атады таң,
Жігіттер кеселденіп болмаңыз нән.
Сұрыптап табиғаттан алты нәрсе,
Көз, құлақ, иіс, нәпсі, жан менен тән.
Ашады тіршілікте тиегіңді,
Басшы ғып барлығына жүрегіңді.
Атадан бұл төртеуін жаратыпты,
Тарамыс, ағза, тері, сүйегіңді.
Құдірет жарық еткен күн мен айын,
Біледі жаратушы соның жайын.
Анадан таратыпты бұл төртеуін,
Қан мен түк, қабыстырып ет пен майын.

Айтайын бір мәселе тындағандай,
Жел сөзді қадетін жоқ бұлдағандай.
Айтайын ата жөнін бір аз ғана,
Ақ күміс, ажар беріп шыңлағандай.
Бұл дүние бастан аяқ арманда өткен,
Көңілі еш пенденің тынбағандай.
Ұрпаққа, келешекке мол дүние,
Шежіре айтатынға дап дайын деп.
Душпаның тайып кетсең табалайды,
Өзіне-өзі қылған сазайын деп.
Сөйлейін бір мәселе тында жұртым,
Көңілдің әңгіме ашар қайғы бұлтын.
Билеген дүниені төрт патша өткен,
Тастаған солардағы дүние мүлкін.
Тірнектеп алтынменен аптасаң да,
Басыңнан өте шығар бір күн шіркін.
Жаратқан артық қылып күн мен айын,
Біледі жаратушы оның жайын.
Билеген Нәмірт, Шаадат дүниені,
Сүлеймен, мұсылманнан Зұлқарнайын.
Атынан айналайын Адам ата,
Пенденің хақтан өзге бәрі қата.
Жаралған жер жүзіне қанша халық,
Болады соның бәрі сізге бота.
Адамның үлкен ұлы Қабыл екен,
Қабылдан кейін туған Абыл екен.
Дүниеге біреу келіп, біреу өтпек,
Қара жол адаспайтын дабыл екен.
Адамның үшінші ұлы Шейш ата,
Алымдар ықыласпен көптен бата.
«Қиссасұл-әнбиеде» жазылыпты,
Айыпқа бұйырмаңыз болса қата.
Одан кейін Шейштен Аниш туған,
Адамзат өлгенінше дүние қуған.
Баласы адамзаттың пайда көрмек,
Тау мен тас, орман, тоғай, аққан судан.
Одан кейін Аништен Хинан туған,
Адамзат қор болмайды ләпсі тиған.
Дүниеде біреу өлмек, біреу тумас,
Өлмесе жер жүзіне қайдан сифан.
Хинанның баласы енді Микаилды,
Таралып дүниеге жұрт жайылды.
Жігіттер еңбек істе ерінбестен,
Нашарға қолың жетсе қыл қайырды.
Баласы Микаилдың Яр болады,
Дүние еңбекшіне бар болады.
Еріншек, еңбегі жоқ надандарға,
Дүние кең болғанмен тар болады.
Ер Ярдан туған бала Ыдырысты,
Өткізген талай бастан қиын істі.
Таймандар әділетті хақ жолынан,
Істеме қыңыр жүріп қисық істі.
Баласы Ыдырыстың Матушалық,
Көріпті қанша адамнан бұрын жарық.
«Қиссасұл-әнбиеден» оқып көрдім,
Осылай жазылыпты ескі тарих.
Баласы Матушалық Ламақты,
Қылмаңыз әлім жетік ұянатты.
Қатыны Қайнаш екен Ламақтың,
Нұқ туған екеуінен тиянақты.
Сүйеді әркім жақсы жамағатты,
Өтіпті нелер жақсы шарапатты.
Пәк Нұқтан үш ұл туған, үш тарапты.
Хам, Сам және біреуі Яппас атты.
Міндетті сақтауына әркім арын,
Еңбек қып құрауына үйге барын.
Үш бөліп, үш балаға берген екен,
Дөңгелек айналасы жердің шарын.
Батысты алған екен Хам баласы,
Ортасын алған екен Сам баласы.
Шығысты Яппасқа берген екен,
Әркімнің бұған болар сан таласы.
Батыста өсіп-өнген Хам тұқымы,
Пайғамбар қасиетті Сам тұқымы.
Яппастан бес ұл туған, бірі Түрік,
Түріктің біз боламыз шын тұқымы.

ЕРТЕҢ - АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ!

"Ұлы Абай" - еліміздің мақтаншысы



Жалпы, Абайды елге кеңінен танытуға, зерттеуге, тануды алғаш бастаған алаштықтар еді. Өйткені, 1913 жылы «Қазақ» газетінің №39-41 сандарына, сол газеттің редакторы болған Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақала жариялаған екен. Тіпті, бұл мақала қазақтың бас ақыны туралы жазылған алғашқы кең көлемді мақала еді.

Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасырдан астам, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас жол болып қызмет етіп келеді.

Абай – қазақтың ұлттық философиясының негізін салушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған кемеңгер ойшыл. Ақын ел арасында болатын көптеген жағымсыз әрекеттер: іштарлық, көрсеқызарлық, сондай-ақ көреалмаушылық, еріншектік, жалқаулық сияқты теріс қылықтардан аулақ болуға үндейді және сол еңбегі бүгінгі ұрпаққа азық болып келеді.

А. САРТБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ
Ақсу филиалының архивісті.

Керекуден көрнекті ақын, аудармашы Ғали Орманұлының 1948 жылы А.Байтұрсынұлы қарінде жарық көрген «Өмір дастаны» атты кітабы табылды

Ақын, жазушы, аудармашы, журналист Ғали Ормановтың «Өмір дастаны» атты кітабының таныстырылымы өтеді. Көрнекті қаламгерден мұра болып қалған бұл жәдігердің ерекшелігі, кітаптың түпнұсқасы еліміздің өзге кітапханалары мен музейлерінде сақталмаған. Жәдігерді Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі жергілікті музейге қаламгердің жиені тарту етті.

Кітап араб графикасында 1948 жылы жарық көрген. Басылып шыққан орны - Қазақтың мемлекеттік баспаханасы, «Қазақ елі» журналының баспасы деп көрсетілген. Жинақта ақынның өлеңдері топтастырылып берілген. Атап айтқанда, «Ана сабағы» дастаны, «Алғашқы адым», «Жолда», «Қуаныш», «Біздің ауыл», «Темір ат», «Шеңбер», «Ана толғауы», «Қырманда», «Ұстаз», «Біздің заман» және тағы басқа өлеңдері басылған.

Жәдігерді ақынның жиен-немересі Айдар Қырықбайұлы музейге аманаттап отыр.

Ғали Орманов (1907-1978 жылдар аралығында өмір сүрген) - бүкіл саналы ғұмырын ұлттық әдебиетіміздің өсіп -



музейге табыстырып отырған өзінің жиені Айдар Қырықбай. Өзінің 22 жасынан бастап жазған өлеңдері жинақталып жалпы 48 жылы шыққан кітап.

Ғали Ормановтың аударма саласына сіңірген еңбегі орасан зор. Ол қырғыздың «Манас» эпосының бірінші кітабын, А.Пушкиннің «Мыс салт атты» туындысын қазақ тіліне аударған. Ғали Ормановтың өзі кезінде орыс, шығыс классиктерінің өлеңдерін аударған. Қазақ

Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі



өркендеуіне, қазақ поэзиясының дамуына ерекше үлес қосқан ақын. Орыстың, Шығыстың классикалық үлгілерін аударып, қазақ әдебиеті саласына өлшеусіз үлес қосқан аудармашы, аса құнды еңбектер жазған қажырлы тұлға. Оның қаламынан қазақ әдебиетіне, қазақ руханиятына айналған өлеңдер жинақтары, поэмалары, жыр кітаптары, прозалық жинақтары жарық көріп, әдебиетіміздің алтын қазынасына айналған.

әдебиетіне де өз үлесін қосып, жыр әлемінде де беделі бар. Жалпы тіпті сонау Жамбыл Жабаевтың қасында жүріп иә, жазып отырған күнделігі болды ғой. Сол бұл кітаппен бергі бізге күнделіктерде келді. Бірақ күнделіктерді оқып зерттеп жатырмыз. Ол латын әрпімен жазылған, оны Жамбыл ағамыздың мерейтойына шығарамыз деп отырмыз.

Музей мұрағаттары жалпы республика бойынша көптеген асыл мұраларымызды жи-



Ербол ҚАЙЫРОВ, Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музей басшысы:

Бұл музейіміздің қорын толықтырып отырған кітаптардың бірі. Ақын жазушы, Ғали Ормановтың кітабы. Біздің

нап, көрме етіп ұсынуда. Ал Ғали Ормановтың бұдан басқа қолжазбалары мұрағатта жоқ. Бірақ музей қызметкерлерінің өзінше ұрпақ сабақтастығы үшін алдағы уақыттарда басқа да жәдігерлермен толықтыру жоспарлануда.

Жастар нашақорлыққа қарсы



Елімізде де, бүкіл әлемде де алаңдаушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі - нашақорлықтың таралуы. Бұл құбылыс жеке адамның ғана емес, жалпы ұлттың денсаулығына қауіп төндіреді.

Қазіргі таңда жасөспірімдердің осы дертке көп ұшырасып жатқаны белгілі. Жасөспірімдік шақ алкогольді де, басқа да психоактивті заттарды, соның ішінде есірткіні де теріс пайдалану қаупін тудыратын бірқатар биологиялық және психологиялық ерекшеліктермен сипатталады.

Нашақорлық - есірткіге немесе психотроптық затқа тәуелділіктен туындаған ауру. Осы мәселеге байланысты «Aqсу jастары» филиалының ұйымдастыруымен нашақорлықтың алдын алуға, темекі, ішімдік, вейптардың кәмелеттік жасқа толмағандарға сатудың алдын алуға бағытталған нашақорлыққа қарсы Ақсу ауданы бойынша 224 жадынама парақшалары таратылып, ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 6-ші тамыз күні Ақсу ауданы ТЖБ қызметкерлері Ақсу ауданы Жастар филиалының волонтерларымен бірлесіп, "Көп қабатты тұрғын үйлерге" "Суға шомылатын орындаға, "Адамдар көп шоғырланатын орындарға", "Сауда үйлерге" т.б. орында-мен жерлерге судағы қауіпсіздік "Өрт қауіпсіздік ережелері", "Қауіпсіз сауда" акциясының аясында сауда орталығында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Сауда иелерімен және жалға алушыларымен кездесу ұйымдастырылып, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді, сауда орталығындағы кәсіпкерлік иелеріне өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігін айтты. Сондай-ақ, 62 жадынама парақшалары таратылды.

АУДАНДЫҚ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ.

Су – тілсіз жау



АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Жағуға болмайды! Ақсу ауданы тұрғындарының назарына! Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

ӨРТТІҢ ШЫҒУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР!

- Электр өткізгіштердің, ажыратқыштардың және тоқ көздерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;
- Электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алшақ, жанбайтын тіреулерде орналастырыңыз;
- Электр аспаптарын бір нүктеге қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттығына әкеп соқтырады;
- Қолдан жасалған қыздырғыш электр аспаптарын, қуаттың артып кетуін және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін калибрленген ергіш өндірімдерді және басқа да қолдан жасалған аппараттарды қолданбаңыз;
- Үйді жылыту үшін газ плиталарын қолданбаңыз;
- Үйден шығарда барлық газ және электр қондырғыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз;
- Жылыту маусымы басталар алдында пештерді жөндеуден өткізіп, мұржаларды күл-қоқыстан

- айында кемінде бір рет тазартып тұрыңыз;
 - Қатты отын пайдаланатын пеш есігінің астындағы жаңғыш материалдан жасалған еденді өлшемі 50x70 см. кем болмайтын есік алды қаңылтырмен қорғаңыз;
 - Пешке тамызғы ретінде тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға жол бермеңіз;
 - Пештерді жағуды үйден шығар алдында кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз;
 - Сіріңке мен жаңдырғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
 - Балаларды қараусыз жалғыз қалдырмаңыз;
 - Төсек орнында темекі шекпеңіз, темекі тұқылдарын балқондарын мен лоджиялардан лақтырмаңыз;
 - Дайындалып жатқан тамақтың плитада бақылаусыз қалуына жол бермеңіз.
- Өрт болған жағдайда «101» телефон соғыңыз құтқару қызметі телефоны «112».

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ САҚ БОЛҢЫЗДАР!



Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың шұққандарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылдарынан, ашық алаңда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Әрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшектерін және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтынның түсіндіруі керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары!

- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.
- Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар.
- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.
- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.
- Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар.
- Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.
- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірісіз қалдырмаңыздар. Егерде Сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, өйтпесе от қайта жануы мүмкін).
- Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ

Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қораптары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, бала бақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда.

Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Әрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балалырымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, ЕСТЕ САҚТАНЫЗДАР баланың өмірі СІЗДЕРДІҢ қолдарыңызда және ол БАҒАЛАНБАЙДЫ!



ӨРТ ШЫҚҚАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Өрт шыққанын білгенде...

Өрттің ауқымы кішкентай болса, қрандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз;

Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекенжайды, нені қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды;

Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;

Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;

Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз;

Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек.

Ол түтіннен ұланып қалудың алдын алады; Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;

Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек; Пәтерден шықпас бұрын есіктің ар жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металл жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашпаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз.

Есіктің бер жағына су шашыңыз; Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз.

Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңіздегі барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз;

Өрт шатырда немесе жертөледе шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын есік-терезелерді, люктарды жауып тастау керек;

Өрт шыққан үйден адамдарды эвакуациялау кезінде балалардың төсектің астына, сөрелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығармаңыз.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ, Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛАҰЫҚ!




Жаз мезгілінде дала өрттерінің болуы қазіргі жағдайда белең алуда. Ескеретін жәйт, көбінесе құрғақ шөптің жануына отты абайсыз қолдану, сөндірілмеген темекі тұқылы, балалардың отпен ойнауы себеп болып табылады. Осыған орай, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Өрттің алдын алу мақсатында табиғатта болған кезде жанып жатқан сіріңке мен темекі тұқылын тастамау, балалардың сіріңкемен және отпен ойнауына жол бермеу, аң аулауда бықсыған материалдардан жасалған оқ тығынын пайдаланбау, от жағуға және құрылыстардың жанында қоқыстарды жақпауларыңызды ескертеді. Алауды тек топырақ қабатына дейін тазартылған алаңға жағыңыз. Өрт болған жерден шығып, отты сумен сөндіріңіз немесе ошақтың жануы толық тоқтағанға дейін топырақ лақтырыңыз. Шыны ыдысты және сынған шыныны қалдырмаңыз. Басталған өртті сумен, ұзындығы 2 метрге дейінгі жапырақты ағаштардың бұтақтарымен сөндіріңіз немесе топырақ лақтырыңыз.

Ескерту!

- Дала өрттерін сөндіру кезінде:
- Жалынды қаптармен, басқа да қолда бар құралдармен өшіріңіз;
- Егер техника болса, оны пайдалануға тырысыңыз, өрт учаскесін жыртыңыз немесе қорғаныс жыртууды жүргізіңіз;
- Ең алдымен оттың таралуын тоқтату керек, одан кейін ең қарқынды жану орындарындағы отты сөндіру керек. Бұл ретте су ағысын жалынға емес, жанған жерге бағыттау керек.

Өрт болған жағдайда Өртке қарсы қызметке 101 және 112 нөмірі бойынша хабарласыңыз!



ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢА (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛУ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛҒА ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде, аудандық "Ақсу өңірі" газетінде және Ақсу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында Ақсу, Қаракез ауылдық округі бойынша «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі қайталау конкурсы өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 2024 жылдың 26 тамыздан 09 қыркүйекке дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 09 қыркүйек, 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 10 қыркүйек 10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілгі жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өтараптанандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2024 жылғы қыркүйектің "10" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1 (1)	Қаракез ауылдық округі	12,0	Төлім егістік	көдімгі сероземді орташа сазды	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
2 (2)	Қаракез ауылдық округі	10,0	Төлім егістік	көдімгі сероземі солтүстік ластанған орташа сазды	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
3 (3)	Қаракез ауылдық округі	10,0	Төлім егістік	Сероземалар қарапайым Солтүстік дефляцияланған орташа сазды	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
4 (4)	Қаракез ауылдық округі	12,0	Төлім егістік	Сероземалар қарапайым Солтүстік дефляцияланған орташа сазды	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
5 (6)	Қаракез ауылдық округі	12,1	Төлім егістік	Сероземалар қарапайым Солтүстік дефляцияланған орташа сазды	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
6 (8)	Қаракез ауылдық округі	10,0	Төлім егістік	Қарапайым сероземалар солтүстік орта саздақ	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
7 (9)	Қаракез ауылдық округі	13,0	Төлім егістік	Қарапайым сероземалар солтүстік орта саздақ	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
8 (10)	Қаракез ауылдық округі	11,0	Төлім егістік	Қарапайым сероземалар солтүстік орта саздақ	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
9 (12)	Қаракез ауылдық округі	3,0	Суармалы егістік	Шалғынды қара жер көдімгі Солтүстік жеңіл сазды	32,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
10 (19)	Қаракез ауылдық округі	3,0	Суармалы егістік	Шалғынды қара жер көдімгі Солтүстік жеңіл сазды	30,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
11 (21)	Қаракез ауылдық округі	2,41	Шабындық	Шалғынды-сероземді орташа сазды	16,0	Қажет емес	Мамандандырылған
12 (27)	Қаракез ауылдық округі	2,9 2,1	Шабындық Жайылым	Шалғынды - сероземді орташа сортаңды 10% дейін орташа сазды	5,0	Қажет емес	Мамандандырылған
13 (29)	Қаракез ауылдық округі	29,7	Жайылым	Шалғынды - сероземді орташа сортаңды 10 -30% орташа сазды	8,8	Қажет емес	Мамандандырылған
14 (30)	Қаракез ауылдық округі	5,16	Жайылым	Шалғынды - сероземді орташа сортаңды 10 % дейін орташа сазды	5,2	Қажет емес	Мамандандырылған
15 (33)	Қаракез ауылдық округі	5,14	Жайылым	Шалғынды - сероземді орташа сортаңды 10 % дейін орташа сазды	4,8	Қажет емес	Мамандандырылған
16 (34)	Қаракез ауылдық округі	12,0	Жайылым	Қарапайым сероземалар орташа шайылған сазды	10,7	Қажет емес	Мамандандырылған
17 (17)	Ақсу ауылдық округі	2,3	Суармалы егістік	Шалғынды қара жер көдімгі Солтүстік жеңіл сазды	30,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
18 (26)	Ақсу ауылдық округі	7,1	Суармалы егістік	Шалғынды қара жер көдімгі Солтүстік жеңіл сазды	30,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ПОВТОРНОГО КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведении повторного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Ақсукому и Каракозскому сельскому округу.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 26 августа по 09 сентября 2024 года, по адресу: (Жетісу-ская область, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5.) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 09 сентября 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Открытие конвертов с конкурсной документацией будет проведено 10 сентября 2024 года в 10 часов 00 минут (Жетісу-ская область, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5.) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "10" сентября 2024 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8(72832) 2-21-26 (районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АҚСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1 (1)	Каракозский сельский округ	12,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	Специализированный
2 (2)	Каракозский сельский округ	10,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	Специализированный
3 (3)	Каракозский сельский округ	10,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	Специализированный
4 (4)	Каракозский сельский округ	12,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	Специализированный
5 (6)	Каракозский сельский округ	12,1	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные среднесуглинистые	10,0	Не требуется	
6 (8)	Каракозский сельский округ	10,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	Специализированный
7 (9)	Каракозский сельский округ	13,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	Специализированный
8 (10)	Каракозский сельский округ	11,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,0	Не требуется	
9 (12)	Каракозский сельский округ	3,0	Орошаемое пашня	Лугово-Сероземные обыкновенные северные легкосуглинистые	30,0	Обеспечен водой	Специализированный
10 (19)	Каракозский сельский округ	3,0	Орошаемое пашня	Лугово-Сероземные обыкновенные северные легкосуглинистые	30,0	Обеспечен водой	Специализированный
11 (21)	Каракозский сельский округ	2,41	Сенокос	Сероземно-луговые легкосуглинистые	16,0	Не требуется	Специализированный
12 (27)	Каракозский сельский округ	2,9 2,1	Сенокос Пастбищ	Лугово- Сероземные с лугово-сероземными слабосолончаковыми Сероземно-луговые легкосуглинистые 10% среднесуглинистые	5,0	Не требуется	Специализированный
13 (29)	Каракозский сельский округ	29,7	Пастбищ	Сероземно-луговые легкосуглинистые 10% среднесуглинистые	8,8	Не требуется	Специализированный
14 (30)	Каракозский сельский округ	5,16	Пастбищ	Сероземно-луговые легкосуглинистые 10% среднесуглинистые	5,2	Не требуется	
15 (33)	Каракозский сельский округ	5,14	Пастбищ	Сероземно-луговые легкосуглинистые 10% среднесуглинистые	4,8	Не требуется	Специализированный
16 (34)	Каракозский сельский округ	12,0	Пастбищ	Сероземы обыкновенные северные дефлированные легкосуглинистые	10,7	Не требуется	Специализированный
17 (17)	Ақсуский сельский округ	2,3	Орошаемое пашня	Лугово- Сероземные обыкновенные северные легкосуглинистые	30,0	Обеспечен водой	Специализированный
18 (26)	Ақсуский сельский округ	7,1	Орошаемое пашня	Лугово- Сероземные обыкновенные северные легкосуглинистые	30,0	Обеспечен водой	Специализированный

Аудан әкімінің мүгедектігі бар адамдардың мәселесі жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі



Оспанова Гульмира Ибраимова 1970 жылы туған, Жансүгіров ауылының тұрғыны. Денсаулығына байланысты 1 топ мүгедектігі тағайындалған. Отбасылы, білімі - арнаулы орта, Көксу ауылшаруашылығы техникумында оқып, 1995 жылы «Технолог ұйымдастырушы» мамандығын алған.

Еңбек жолы: 1988 жылдан бастап бұрынғы Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, «Ленин» атындағы совхозында, Кеңжыра орта

мектебінде, шаруа қожалығында әртүрлі жұмыстар атқарған.

2014 жылдан бастап 1 топ мүгедектігі тағайындалған. Ауданның әртүрлі бұқаралық - спорттық іс-шараларына белсене араласып, ауданда, облыста жүлделі орындарға ие болған.

Жастар арасында бұқаралық спорт түрлерін, салауатты өмір сүру салтын насихаттаушы, мүгедектігі бар адамдардың қоғаммен етене араласуына, қоғамдық нысандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне белсене көңіл бөледі.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап аудан әкімінің мүгедектігі бар адамдардың мәселесі жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болып бекітілді.

Жұмыс жоспарына сәйкес, әр айдың бірінші сәрсенбісі күні сағат 10-нан 12-ге дейін аудан орталығындағы Желтоқсан көшесі «5-в» мекен - жайында орналасқан ғимараттың 1 қабатында мүгедектігі бар адамдардың мәселелері бойынша қабылдау өткізеді.

Өтінім қабылдау басталды

Бүгін Үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы алу үшін, жыл сайын өтетін конкурсқа өтінім қабылдау басталды. Конкурсның мақсаты – ЕУҰ әлеуетін нығайтуға және қоғамдық пайдалы жобаларды іске асыру үшін, олардың мотивациясын арттыруға бағытталған маңызды институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлық 16 әлеуметтік маңызды бағыт бойынша беріледі, ал бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері 2000 АЕК құрайды.

Айта кетейік, соңғы 7 жылда 420 ЕУҰ қоғамдық мәселелерді шешуге өз үлесін қосып, осы беделді марапатқа ие болды.

Қоғам өміріне белсенді араласатын, өз саласында көшбасшы атанған, әлеуметтік мәселелерді шешуге елеулі үлес қосқан және инновациялық идеяларды іске асырған ұйымдар конкурсқа қатысуға өтінім бере алады. Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 2 қыркүйекте Астана уақыты бойынша сағат 18:30-да аяқталады.

Қатысу шарттары туралы толық ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/685056?lang=kk

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады: +7 (7172) 74-09-97, 74-13-41, 74-02-17.

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жетісу облысы Ақсу ауданындағы екі 5-қабатты 60 пәтерлік тұрғын үйді инженерлік-коммуникациялық желілердің құрылысы және абаттандыру» жұмыс жобасы бойынша 23.08.2024 ж. мерзімінен бастап бес жұмыс күні ішінде көпшілікпен талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысу, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Ақсу ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» ММ, тел.: 8(72832)21262/21073.

Жергілікті атқарушы орган – «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7282)329383/400302.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ПУБЛИЧНЫХ ОБСУЖДЕНИЙ

Проводятся общественные слушания в форме публичных обсуждений с 23.08.2024 г. в течение пяти рабочих дней по рабочему проекту «Строительство инженерно-коммуникационных сетей и благоустройства 2-х 5-ти этажных 60-ти квартирных жилых домов Аксуского района области Жетісу».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные общественные обсуждения» для представления замечаний и предложений.

Заказчик проекта – ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Аксуского района», тел. 8(72832)21262/21073.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.: 8(7282)329383/400302.

● Ойтоған ауылдық округі бойынша Жылқыбаз каналы иесіз бос мүлік ретінде тіркелгенді туралы хабарлаймыз.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күздік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

● ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ!

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ АБАЙ БОЛҢЫЗДАР!

Су тасқыны және су тасқыны - бұл табиғи апаттар, оның барысында адамдар, жануарлар өліп, ғимараттар мен тұрғын үйлер қиратылады. Су тасқыны және су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік көбінесе оларға алдын-ала дайындалу арқылы қамтамасыз етіледі.

Су тасқыны негізінен келесі себептерден туындаған: қатты немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі; теңізден жағаға және өзендер сағасына қатты жел немесе толқынмен судың ағуы;

табиғи себептер бойынша да, адамның кінәсінен де дамбалар мен су қоймаларының серпінділігі.

Мұзды кептелістер мен өзендердің жоғарғы ағысындағы топырақ көпірлері су тасқыны кезінде бірден пайда болады.

Басқа жағдайларда су тасқыны қауіпіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беретін уақыт резерві бар.

Сондай-ақ гидрологиялық болжамдарға назар аудару керек.

Егер сіз өзіңізді жеке қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе, сізге:

толқынның алғашқы соққысында құлаған емес, күрделі құрылыстарды салу; барлық отбасы мүшелеріне жүзуді үйрету;

қайыққа ие болу (ең дұрысы екі - біреуі қарапайым, екіншісі - үрленетін);

елді мекенге жақын орналасқан топографиялық биік нүктелермен танысу;

Табиғи апат туралы ескерту әдістері мен формаларын білу. Су басу аймағындағы әрекеттер Егер Сіз өзіңізді су басу аймағында тапсаңыз, Сізге үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз; жылыту пештерін сөндіру; үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге; үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін тақталармен немесе фанерамен жабу;

Үй жануарлары орналасқан

сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз. Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрынсоңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын жүзуге дайындалуыңыз керек.

Суды төгіп болғаннан кейін, электр сымдарының жырылуына, бұзылған газ желілеріне назар аударыңыз.

Үйге кірер алдында оның құрылымы су элементінің соққыларының астында басап қалмағанына көз жеткізу керек.

Суда табылған тағамды қолдануға болмайды, немесе суды су басу мүмкін емес. Сел қауіпі, сел қауіпінің белгілері Сел ағындары - бұл жекелеген біліктерде қозғалатын, таулы рельефке тән су мен борпылдақ қоспалардан тұратын қысқа мерзімді балшық тас ағындары.

Олар морена көлдерінің серпінділігі, еріген қардан судың толып кетуі және мұздықтардың сулануы, қатты және тұрақты жауын-шашын, сондай-ақ жер сілкінісі кезінде пайда болады.

Қазақстанның таулы аймақтарында селдің пайда болуы жылы маусымда мүмкін (мамыр - қыркүйек).

Селдің биіктігі 10-20 метрге жетуі мүмкін (кейбір жағдайларда 40-50 метрге дейін), ағынның жылдамдығы 3-5 және одан көп м/с (кейбір жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады.

Селдің жолында тірі қалу іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан сел қауіпінің алдын-алу өте маңызды.

Сел қауіпінің белгілері: сел қауіпі бассейніде қатты несер; сел қауіпі өзендердің жоғарғы ағысында ауа температурасының күрт және ұзаққа көтерілуі, тау көлдерінің толып кетуіне әкеліп соқтырады және олардың басталу қауіпін тудырады; көлдегі су деңгейінің күрт төмендеуі немесе оның бетінде кратерлердің пайда болуы, бұл көлдің линтелінің (дамбаның) серпілісін білдіреді; көл сілемі (дамба) бұзылуына әкеледі. Селдің жақын және жақын болу қауіпінің белгілері: су тасқыны арнасындағы

судың тоқтауы немесе күрт төмендеуі, бұл морена-мұздық кешенінде судың жиналуын көрсетеді; селдің жоғарғы каналында дауылдың пайда болуы; сел тасымен болған тастардың әсерінен топырақты дірілдету; сел тасқынының білігінің алдында соққы толқынынан пайда болған балшық шаңының пайда болуы; су тасқынына дейінгі қорғасынның пайда болуы, судың бұлдырлығы жоғарылауымен сипатталады.

Сел қауіпі жерлерде өзін қалай ұстау керек таудағы жағдай туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын үнемі қадағалап отыру; егер қауіпті бассейнді жоғарғы ағысында қатты жауын-шашын болса, сел қауіпті арнасын қалдырыңыз;

қозғалатын селге 50-70 м-ден жақындамаңыз; тік жартастар мен тік беткейлердің жанында тоқтамаңыз, өйткені сел жүру кезінде дірілдеу нәтижесінде құлау немесе таулар пайда болуы мүмкін;

сел тасқыны арналарымен адамдар арасында кемінде 20-30 метр аралықпен жүру; демалуға тоқтамаңыз және сел қауіпті каналдардың жанында, көл көпірлерінде (бөгеттерде) және олардың астында лагерьлер құрмаңыз; егер сел жүру белгілері байқалса, мүмкіндігінше арнадан тау баурайына дейін алыс жүріңіз;

Селдің өзегінен өткеннен кейін сел арнасына түсіп кетпеңіз - оған басқа білік ілінуі мүмкін;

арнадан түсіп жатқан кезде және әсіресе сел жүретін учаскелерде және шұңқырларда қатты абай болыңыз;

Морена-мұздық кешенінде болуға және сел жүру қауіпі жоқ немесе ауа райының теріс температурасында жақсы болған кезде жүруге кеңес беріледі; тұрақсыз жатқан қоқыстардан тұратын, сонымен қатар қозғалатын мұздық немесе көшкін нәтижесінде пайда болған көлдердің бойымен қозғалмаңыз.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

20.08.2024 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://ecportal.kz/> Жетісу облысы Ақсу ауданында орналасқан №6 учаскесі "Қызылағаш" кен орнында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жоспарына "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Умэкс БС" ЖШС, БСН 110940016566, мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Көк төбе 1 бау-бақша серіктестігі, 1 үй. Тел.: 87757170771, diesel_51@mail.ru. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 20.08.2024г в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://ecportal.kz/> проводится общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий использования на месторождении участок №6 «Кызылағаш», расположенный в Аксуском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Умэкс БС», БИН 110940016566, адрес: г.Алматы, Медеуский район, Садоводческое товарищество Коктобе 1, дом 1. Тел.87757170771, diesel_51@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.